

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу  
құқығындағы «№7 қалалық емхана»  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

Шымкент қаласы

« 20 » желтоқсан 2023 жыл.

**«Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша  
семинар»**

**ХАТТАМА**

Қатысқандар: Бас дәрігер Оспанова А.Х.

Қатысушылар бөлім басшылары кәсіпорын қызметкерлері және баяндамашы  
комплаенс қызметкер Беркінбай А.

Хатшы: \_\_\_\_\_

Сағат 10<sup>00</sup> басталып, сағат 12<sup>30</sup> аяқталды.

Бірінші болып сөз алған кәсіпорынның бас дәрігері Оспанова А.Х. келесіні мәлімдеді. Аталған заң аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес *сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін* орындау мақсатында кәсіпорын қызметкерлері өздері атқаратын әрбір лауазымдық міндетінің аясында кез келшген сыбайлас жемқорлық фактілерін байқауған кезде бірінші басшыға және комплаенс қызметкерге хабарлауы керек, сыбайлас жемқорлық пен күрес әрбір азаматтың борышы екендігін атап өтті.

Екінші сөз алған кәсіпорынның комплаенс қызметкері Беркінбай А. келесіні мәлімдеді.

**Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында кәсіпорын бас дәрігері екі ережені бекітті:**

**1. Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты;**

Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты бойынша;

Осы Саясаттың мақсаттары үшін мүдделер шиеленісіне әкелуі мүмкін жағдайларға мынадай жағдайлар жатады:

- 1) қызметкер өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары атқаратын лауазымдарға **тікелей бағынысты лауазымды** атқарады;
- 2) лауазымды адамның, қызметкердің немесе олардың жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының), сондай-ақ жекжаттарының Кәсіпорынмен байланысты мәмілелерге, жобаларға кез келген коммерциялық немесе өзге де мүдделілігі (тікелей немесе жанама) болуы немесе болуы мүмкін;
- 3) лауазымды адам, қызметкер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары Кәсіпорынға байланысты жобадағы немесе мәміледегі тарап болып табылады;
- 4) лауазымды адам, қызметкер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары жобада немесе Кәсіпорынмен байланысты мәміледе тарап болып табылатын ұйымның үлестес тұлғасы болып табылады; 5) лауазымды адам немесе қызметкер өз міндеттерін/лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты өзіне белгілі болған құпия ақпаратты немесе ашылуы, сондай-ақ лауазымды адамның, қызметкердің

немесе олардың жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының), жекжаттарының жеке пайда алу үшін Кәсіпорынмен байланысты құпия ақпаратты кез келген пайдалануы Кәсіпорынның мүдделеріне теріс әсер етуі мүмкін кез келген басқа ақпаратты ашуы;

б) лауазымды адам немесе қызметкер оның жұмысын бағалау, сыйақы төлеу мәселелері немесе өзіне қатысты өзге де мәселелер бойынша талқылауға немесе шешім қабылдауға қатысады;

**Лауазымды тұлғалар Кәсіпорында туындайтын мүдделер шиеленісін реттеу үшін:**

- 1) туындайтын мүдделер шиеленісін анықтау, олардың себептерін анықтауға;
- 2) лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мүдделер шиеленісі бар мәселелерді қарауға қатысудан және олар бойынша шешімдер қабылдаудан бас тартуын қамтамасыз етуге міндетті.

Лауазымды адам мұндай жанжалды реттеу жөнінде шешім қабылдау үшін мүдделер шиеленісінің болуы немесе туындауы туралы Басқарма төрағасына/Басқарма төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Қызметкер өзінің тікелей басшысына осындай қақтығысты реттеу мақсатында мүдделер шиеленісінің болуы немесе туындауы туралы дереу хабарлауға міндетті.

Құрылымдық бөлімше деңгейінде мүдделер шиеленісін реттеу мүмкін болмаған жағдайда, құрылымдық бөлімшенің басшысы бір жұмыс күні ішінде осы құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін бас дәрігерге оның орынбасарына мүдделер шиеленісі, оның туындау себептері, қабылданған шаралар туралы ақпарат беруге міндетті. Осы құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін бас дәрігер оның орынбасары мүдделер шиеленісін реттеу үшін барлық шараларды қолданады. Мүдделер шиеленісін реттеу мүмкін болмаған жағдайда, мұндай қақтығысты реттеу туралы мәселені ол Бас дәрігердің қарауына шығарады.

Бас дәрігер мүдделер шиеленісін реттеу тәртібін айқындайды, уәкілетті адамды тағайындайды. Қажет болған жағдайда Бас дәрігер құрамына комплаенс-офицер, әкімшілік бөлімнің өкілдері кіретін мүдделер шиеленісін реттеу үшін жұмыс тобын құрады. Жұмыс тобының құрамы жұмыс тобының қабылдаған шешімдеріне әсер етуі мүмкін мүдделер шиеленісінің туындау мүмкіндігін болдырмайтындай етіп қалыптастырылады.

Мүдделер шиеленісін келіссөздер арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда, ол ҚР заңдарына сәйкес шешіледі.

## **2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қимыл жөніндегі нұсқаулық.**

Қазақстан Республикасында пара алу және беру жөніндегі іс-әрекеттер заңға қайшы келеді және Қылмыстық кодекспен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің қолданысына жатады.

Пара беру-лауазымды адамды заңды немесе заңсыз іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға итермелеуге не берушінің пайдасына, оның ішінде жалпы қамқорлығы немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық қызмет бабындағы салғырттығы үшін қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға бағытталған қылмыс.

### **Тікелей бағыныштылар:**


- Бас дәрігер үшін-оның орынбасарлары, жетекшілік ететін бөлім басшылары, бас бухгалтер, Комплаенс офицері;
- Бас дәрігер орынбасары үшін-жетекшілік ететін бөлім басшылары;
- бас бухгалтер үшін —қаржы-экономикалық бөлімінің қызметкерлері;

Айта кету керек, кейбір сөздерді, сөйлемшелерді және қимылдарды басқалар пара беру туралы өтініш (кеңес) ретінде қабылдауы мүмкін. Мұндай өрнектерге мыналар жатады, мысалы:

- «Мәселені шешу қиын, бірақ мүмкін»;

- «Рахмет нанға жайылмайсың»;
- «Келісейік»;
- «Күшті дәлелдер қажет»;
- «Параметрлерді талқылау керек»;
- «Ал, біз не істейміз?»
- жалақының төмен деңгейі және белгілі бір қажеттіліктерді іске асыруға ақшалай қаражаттың жетіспеушілігі;
- белгілі бір мүлікті сатып алуға, сол немесе басқа қызметті алуға, туристік сапарға шығуға деген ұмтылыс және т.б.

Қорытынды: Бас дәрігер А.Х. Оспанова Жоғарыда аталған ережелерді қатаң сақтауға сыбайлас жемқорлық фактілері орын алғанда және орын алу мүмкіндігін ескеріп Әрбір бөлімше меңгерушілері және қызметкерлер тиісті ақпаратты бас дәрігерге және комплаенс қызметкерге хабарлау қажеттігін атап өтті.

Комплаенс қызметкер  Беркінбай А.